



Қазақ елінің қойнауын тұнған байлықпен көмкеріп жатқан иен дала өз жұртын несібесіз қалдырған емес. Сағым күшып, қосіліп жатқан сардаланын осінділері жел тұрса сыбызғы тәрізді әуен ойнатып, шаруанын тірлігін тынайтқан. Байтақ елдің байырғы тұрғындары көктемде дала тосін думанды еңбекке болейтінін білмейтін жан жоқ. Ал ағаш біткен жұрегінен ажыраған сәтте оңай жерде артық азық жатпайтыны тағы бар. Егінді алқаптын күмістей шашылған дәндері шаруаны шаш етектен келетін еңбекке қарық қылатын мезгіл де – осы күз. Жер-ана бусанған бойда бауырына дән себетін егіншілер-ала жаздай еткен еңбектерінің нәтижесін жиын-терім науқаны аяқ-талған кезде бір-ақ қореді. Оған дейін қерегі – маңдай тер мен шыдам-дылық және күш-жігер. Кешегі апта күрежолдың жиегінде, теміржолдың бойында, дарияның жағасында қоныс тепкен Сыр халқы- үшін қамбаға астық күйылып, еңбектің жеңісі тойланып, жемісін қорған сәт болды. Ойткені, топырағының тозанында талай тарихи тұлғаның табан ізі қалған Сыр өңіріндегі Ыбырай ата ізбасарлары үшін тарихи мезет.

Ағымдағы жылы көктем мезгілі алабулттанып тұрса да, Сыр диқандары тынайып тұрған жер қалтасының 87,3 мың гектарына күріш дәнін септі. Аймақта орын алған-су тапшылығына қара-мастан орташа өнімділік 54,5 центнерді күрады. Жоғары өнімді сорттарды пайдалану есебінен соңғы 5 жылда күріш жармасының өндірісі 39 пайызға, ал биылғы жалпы түсімі 2 есеге артты. Ойткені Жалағаш ауданында элеватор базасындағы «Байқоныр» агрохол-дингін күру аймақта күріш кластерін дамытуға ықпал етті. Айта кетейік, Ы. Жақаев атындағы күріш өндіру ғылыми-зерттеу институты Бүкілресейлік күріш институтымен бірлесіп Қызылорда облысы үшін арнайы сорттарды шығаруда. Өткен жылы аймақтағы күріш шаруашылықтарында Иранда сұранысқа ие «Торем Хошеми» сорты- өсіріле бастады. Осыған орай, қармақшылық «Ақ-тобе және К»

ЖШС осы сортты 70 гектар жерге екті, Казалынын «Сыр маржаны» шаруа-шылығы сынақтан өткізу үшін 1 гектар аумаққа дән тастаған еді. Ал 2020 жылға қарай облыста Иран күрішінің егістік алқабы 5 мың гектарға дейін ұлғайтылып, онделген күріш экспортының көлемін 8 мың тоннаға дейін жеткізу жоспарлануда. Ең бастысы, Сыр өңірінің күріші Түркіменстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Ресей, Белоруссия, Армения, Өзiрбайжан, Монғолия, Ауғанстан секiлдi бiрқатар ел-дерге экспортталмақ.

Қамба астыққа толып, жұрттың несiбесi молайған кезде аймақта ауыл шаруашылығы өнiмдерiнiң жәрменке-сiн ұйымдастыру – жазылмаған заңдылық, қалыптасқан дәстүр. Бұл жолғы тоқшылық мерекесi қаланың түкпiр-түкпiрiнде облыстың барлық аудандары мен қала маңындағы елдi мекендердiң қатысуымен өттi. Аймақ шаруалары 1500 тоннаға жуық ауыл шаруашылығы өнiмiн – қоконiс, бакша және сүт өнiмдерiн, балық, қой мен ешкi әкелдi. Барлық өнiм облыс орталығындағы нарықтық бағадан арзан сатылды. Ал аудандардың қосын бастап тұрған Шиелi жәрменкесi 90 жылдық тарихы бар Тас-боғет кентiнде өттi. Облыс әкiмiнiң тапсырмасына сәйкес, баға тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында өткiзiлетiн жәрменкеге күрiштi өлке бұл жолы 700 тонна ауыл шаруашылығы өнiмдерiн әкелген. Жәрменкеде жергi-лiктi ауыл шаруашылығы тауарлары өзге сауда орын-дарынан 20 пайызға арзан бағам-ен сатылды. Негiзгi бағаларын талдайтын болсақ, ақ күрiш – 170, қызылша – 100, бакша асқабағының келiсi – 50, жуа – 50, қырыққабат – 80, қияр – 180, қызанақ – 180, болгар бұрышы – 80, картоп – 70, ет – 1250, балық – 350 теңге аралығында, қауынның келiсi – 70, қарбыздың таразыға тартқандағы әр келiсi 50 теңгеден халыққа ұсынылды.

- Агроөнеркәсiп кешенiнiң әлеуетiн толық iске асыру керек. Негiзгi мiндет – еңбек өнiмдiлiгiн және қайта онделген ауыл шаруашылығы өнiмiнiң экспортын 2022 жылға қарай 2,5 есе қобейту, - деген едi ел президентi Қазакстан халқына жолдаған Жолдауында.

Бүгiнде ала жаздай тер тоқпен шаруалар бейнетiнiң зейнетiн қорiп отыр. Бұл ретте Шиелi ауданы ауыл шаруашылығы қарқынды дамыған аудан ретiнде қос бастап тұр.

Жалпы, егiн жинау науқанының аяқталуына орай Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық казак-музыкалық драма театрында өткен «Алтын дән – 2018» салтанатты мерекесi еңбеккерлердiң мерейiн үстем етiп, абыройын асырған жиын болды.

- Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығы саласын дамытуға жасаған

камқорлығынын аркасында сонғы жыл-дары облыстын аграрлық секторында серпінді даму динамикасы қалыптасып келеді. Сонғы 5 жылда аграрлық секторда өндірілген өнім көлемі 16,4 млрд тенгеге өсті. Осы жылдары ауыл шаруашылығына салынған инвести-ция көлемі 23 есеге, тамақ өнімдерін өндіруге салын-ған инвестиция 5 есеге ұлғайды. Биылғы жылдын ауа райы, әсіресе, мамыр-маусым айларындағы ауа температурасынын әдеттегіден салқын болуы, сонымен бірге, вегетация кезінде жоспарлы сумен қамтамасыз етудегі орын алған қиыншы-лық-тар облыста аса күрделі жағдай қалыптастырды. Десек те, «Екінші мұрт, жер жомарт» дегендей, дикандарымыз жана заманауи астық жинайтын техникаларды тиімді пайдалана отырып, ұйымшылдықпен аянбай еткен еңбектің аркасында астықты ысырапсыз жинап, дала еңбеккерлерінің жемісті мерекесін шат көңілмен той-лаудамыз. Биыл да сонғы жылдағы қарқынды сактай алды, 500 мың тоннаға жуық Сыр маржаны ел қазынасына құйылды, - деді шара шымылдығын аш-қан облыс- әкімі К.Қошербаев.

Ел президентінің тапсырмасы аясында аймақтағы Агрокарта шеңберінде ауылшаруашылық өнімдері түрлерін және экспорт көлемін ұлғайтып, ішкі нарықтың құранысын қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілуде. Озбекстан, Иран және Біріккен Араб Әмірліктеріне сиыр және қой, ешкі экспортталса, қоконістер пен бақша өнімдері Қытай мен Ресей елдеріне жеткізіледі.

«Алтын дән» – еңбек мерекесі. Сондықтан, Социалистік Еңбек Ері, 11 бала тәрбиелеп өсірген «Батыр ана», Ыбырай Жақаевтың шәкірті Сәлима Жұмабекованы марапаттау рәсімінен бастау керек деп санай-мын. Сыр елін «Алаштын анасы» деп атайды, ал Сәлима Жұмабекқызын «Сыр анасы» деп атауға болады, - дей келе, аймақ басшысы ардагерге 5 болмелі жана үйдің кілтін табыстады.

Сахнадан Еңбек ерінің еңсесі қорінген сәтте залда отырғандар орындарынан тік тұрып, қол шапалақтап, құрмет ұлгісінің шырайы мен сыйластық мерейінің қандай болатынын қорсетті. Сахна фоны да Сәлима анамызға жараса қал-ғандай. Сыр анасына қорсетіл-ген құрмет ананың да, залда отырған сырбойылықтардың да қозіне жас үйірді. Өрине, қуаныштан.

Шара аграрлық сала бойынша үздіктерді түрлі номинация бойынша марапаттаумен жалғасты. ҚР АШМ «Еңбек ардагері» медалі аралдық Қ.Қуанов, қармақшылық М.Смағұлов және жалағаштық О.Шәменов-тің кеудесінде жарқырады. Ал «Ауыл шаруашылығы сала-сының үздігі» тосбелгісі облыс-тын экономикалық дамуына қосқан үлестері үшін А.Сәрсенов (Қазалы), Б.Лекеров (Сырдария), Б.Өшірбеков (Шиелі), А.Апсаттаровтарға (Жанакор-ған) тағылды.

Аймақтың ауыл шаруашылығы саласында маңдай терін тоғип, еңбегінің жемісін көріп, елеуметтік-экономикалық көрсеткіштің артуына едәуір үлес қосып, табан аудармастан 20-30 жыл еңбек еткен мамандар ҚР АШМ «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Олардың қатарында облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бөлім басшысы Г.Исабергенова, Қармақшы аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы Т.Омірқұлов, «Қазсушар» РМК Қызылорда облысы бойынша филиалының бөлім басшысы Н.Калугина және облыстағы ауыл шаруашылығы бағытындағы серіктестіктер мен шаруа қожалықтарының торағалары мен орынбасарлары бар.

«Еңбек – ырыстың қазығы». Жерге сепкен ырысының берекесі мен күтін желге ұшырмай, жерге тоқпей, еліне көрсетіп отырған бірқатар сырбойылық кәсіпкерлер де назардан тыс қалмады. Нақтырақ айтқанда, ІІІ дәрежелі «Еңбек данқы» тосбелгісімен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының қызметкері С.Сыздықова, «Достық Жер МК» ЖШС торағасы Б.Менлібаев, Д.Раушан-бекұлы марапатталды. Еңбекті елеусіз қалдырмайтын ІІ дәрежелі дәл осы тосбелгі «Рза Агро» ЖШС-нің механизаторы Б.Бердалиев, «Жанажол» ЖШС-нің механизаторы С.Бегімбаев, «Тан ЛТД» ЖШС-нің күрішшісі С.Алиевтерге берілді. Ал І дәрежелі «Еңбек данқы» тосбелгісі «Абай-Дәулет» ЖШС директоры М.Сәрсенбаев, «Ақниет - 2» ШК торағасы С.Ақшалов, «Еркінқожа» ШК торағасы Е.Аманкелдіұлына берілді.

Дана қазақтың салмақты сөз қоржынында «Ердің атын еңбек шығарады» деген бар. Олай болмаса, қазақтың күнқорісіне айналған ауыл шаруашылығы саласындағы дала еңбегі ерлерінің есімдері тарих беттерінде сақталмас еді. «Біз – табиғаттың өзін қайта түлететін ұрпақпыз. Жер, су, ауа – адам баласының ұрпағынан ұрпағына мұра болып келе жатқан мол қазына... Әрбір ағашты, әрбір бұтақты, жалғыз дәнді де ұйдағаттылықпен сақтау, қамқор болу – басты міндеттің бірі». Бұл мазмұнды сөйлемнің авторы – «Мен күрішке тек тағамдық дән деп емес, ата-бабамның, атамекенімнің байырғы дақылы деп қараймын. Сондықтан жақсы қоремін» деп өзіннің ісіне деген жауапкершілікті, сүйіспеншілікті мензеген данқ-ты күріш өсіруші Ы.Жақаев атамыз. Бүгінде Социалистік егін шаруашылығының данқты шеберінің ізін жалғап отырған күрішшілер аз емес. Еңбектің ерлікке, ерліктің елдікке жеткізетінін «Ыбырай Жақаев» атындағы тосбелгімен марапатталған күрішшілер анық дәлелдеді. Алғашқысы – Нұрхан Тасбергенов. Ол – Сырдария ауданындағы «Қызылдіхан» ШК күрішшісі. Ол небәрі 30 гектар егістік жерге өнім егіп, орташа есеппен гектарына 98,5 центнер терім жинады. Биылғы жылдың рекордтық көрсеткішін орнатқан оған деген құрмет пен танғалыстан залда отырғандар үзіліссіз шапалақ соғуға мәжбүр болды. Одан кейінгі күрішшілер де осал емес. Еңбектері бағаланып, кеудесіне тосбелгі таққан күрішшілердің қатарында «Тонкеріс К» ШК-ның звено жетекшісі Б.Ербай, «Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы» ГЗИ күрішшісі К.Бодықов, жана-қорғандық К.Тасболатов, жалағаштық Б.Шонбаев, қармақшылық А.Мамбетов, қазалылық М.Рахметовтер бар.

«Диірменнің сәні – капшықтың дәні» екенін ұмытпасак, аймақтағы ауыл шаруа-шылығы саласы акырындап алға жылжып келеді. Биылдын озінде Кызылорда облысынын агроонеркәсіптік кешенінде жалпы кұны 7,1 млрд тенгені құрайтын 10 жоба жүзеге асырылуда. Олар – халыкаралык стандарттарға сәйкес келетін ет комбинаты мен Кызылорда каласындагы 2 гектарлык автомат-тандырылган жылыжай, Кармакшы ауданындагы жылына 1500 тонна күс етін ондіретін күс фабрикасы, Шиелі ауданындагы 1200 бас-қа арналган тауарлы сүт фер-масы, Жалагаш, Сырдария, Шиелі, Жанакорган аудандарындагы мал бордакылау аландары. Сондай-ак, суармалы су тапшылығын болдырмау және ауыл шаруашылығын әрта-раптандыру максатында да атка-рар тірлік кыруар. Бірін-шіден, шаруа-шылықта күнарлылығы жоғары малазыктык дакылдар – жүгері, сорго, судан шобі, майлы дакылдар – соя мен максарыны, халык коп түтынатын картоп, коконіс, бакша дакылдарынын және копжылдык жемістердін егіс колемдерін ұлғайтуға басымдык беріледі.

Екіншіден, суармалы егістік жерлердін мелиоративтік жагдай-ын жақсарту шараларын іске асыру және суармалы жерлердін колемін ұлғайту аркылы облыста ондірілетін онім колемін арттырады. Бұл багытта алдагы жылдары барлыгы 188 мын гектар суармалы жерлер бойынша сомасы 127,3 млрд тенгені құрайтын 3 ірі жоба бар. Накты айтканда, суармалы жерлердін ирригациялык-дренаждык және инжен-ерлік жүйелерін калпына келтіру, пайдаланылмай жаткан жерлерде ұлгалды сактай-тын агрогельдер мен аквасор-бенттерді пайдалану, жерасты суларды пайдаланып, жанбырлатып, тамшылатып және топыракасты суландыру жүйелерін енгізу аркылы ауыл шаруашылығы дакылдарынын колемін ұлғайту козделуде. Бұл шаруалардын барлыгы жү-мысшы күштін комегімен жүзеге асатын жүмыстар екені анык. Салтанатты шара барысында егін шаруашылығына еселі енбегі сініп жүрген бригад-ир, комбайншы, жаткист, күрішші, коконісші, багбан-, агроном, гидротехник, картоп, бакша осірушілер енбек ердін айнасы екенін дәлелдеп, облыс әкімінін Алгыс- хаты мен багалы сыйлығына ие болды. Сондай-ак, аймак-тын әлеуметтік-экономикалык осіп-оркендеуін акпарат құралдары беттеріне жарыкка шыгарып жүрген әріптестеріміз «Хабар» теле-арнасынын операторы Ө.Түр-лыханов, республикалык когамдык-саяси тәуелсіз апталык- «Халык» газетінін жауап-ты хатшысы Н.Күдайбергенова және «Казалы» аудандык газетінін болім басшысы Ү.Талапбаева да арнайы номинация бойынша марапат биігінен корінді.

Есесі кайтпас енбек жок. «Алтын дән – 2018» салтанатты шарасы осы мәтелдін ма-гынасын ашкандай. Озаттардын ішінен «АВ Inbest group» ЖШС «Озат ондеу кәсіпорны» номинациясына ие болды. Ал «Озат шаруашылык» номинациясынын III дәрежелі дип-ломы «Акмая» шаруа кожалыгына, «Байтабын», II дәрежелі дипломы «Магжан және К», I дәрежелі дипломы «Жанажол» ЖШС-ларына бұйырды. Коненін «Колхозын алда болса, аузын балда болар» дегені бар екен. Дәл осы макал аясында «Озат аудан» номинациясынын II дәрежелі дипломы ондеу саласы бойынша Казалы

ауданының әкімі Мұрат Ергешбаевқа, мал шаруашылығы саласы бойынша Қызылорда қаласының әкімі Нұрлыбек Нәлібаевқа, егін шаруашылығы бойынша Жанакорған ауданының әкімі Галым Әміреевке табысталды. Марапат қорытындысында Шиелі ауданы «Үздік аудан» деп танылып, аудан әкімі Әшім Оразбекұлына I дәрежелі диплом табысталды. «Қоп еңбек еткенге бақыт басын иеді» деген осы болар.

«Топырағын таппаған дән онбейді». Сыр дикандарының биылғы маусымдағы еселі еңбегінің нәтижесі осындай болды. Алда қыруар жұмыс, жүйелі жоспар бар. Ауыл шаруашылығы өнімінің өндіріс көлемін арттыруда «Байқоныр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясымен бірлесіп, кластерлік дамыту бағдарламасы аясында 2019 жылы кем дегенде 10 тамақ өнеркәсібін құру жоспарланып отыр. Осы жұмыстардың арқасында еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі мен бағанын тұрақтылығын қамтамасыз етіп, халықты тұрақты жұмыспен қамтитын болады.

Нұрлыбек ҚАЗИҚЫЗЫ,

Б.Есжанов, Н.Нұржаубай (сурет)